

Атырау қаласындағы жол құрылышы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 6 сәуір N 365. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.24. N 1232 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.08.24. N 1232
қаулысымен. Р 9 9 1 2 3 2 _

Каспий теңізіндегі су деңгейінің көтерілуінен, соңғы жылдардағы су басудан және ыза сулардың жемірлігінен болып отырған Атырау қаласындағы автомобиль жолдарының қыын жағдайын есепке ала отырып, "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Атырау облысы әкімінің "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жергілікті атқарушы органдар қарыз алуының жиынтық лимитінің шегінде занды тұлғалардан (екінші деңгейдегі банктерден) Атырау қаласындағы автомобиль жолдарын жөндеуге зандарда белгіленген тәртіппен 900 млн. теңгеге дейінгі көлемде қаржы қаражатын қарызға алу туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) Атырау облысының әкімі тартып отырған заемдардың шарттарына қаржы-экономикалық сараптама жүргізуі және оларды келісуді жүзеге асырын;

2) мемлекеттік борышты басқарудың шеңберінде жергілікті атқарушы

органдар заемдарының тартылуының, өтелуінің және оларға қызмет көрсетілуінің мониторингін қамтамасыз етсін.

3. Атырау облысының әкімі:

1) тартылған заемдардың жергілікті бюджет қаражатынан өтелуін және оларға қызмет көрсетілуін қамтамасыз етсін;

2) оған Орал өзеніндегі көпірді жөндеу жұмыстарын жүргізуге занды тұлғалардың демеушілік көмегі ретіндегі қаржы ресурстарын іздестіру ұсынылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК